

«Қаралды»
№1 педагогикалық кеңес
« 31 » 08 2022ж

«Бекітемін»
№30 мектеп директоры
У.Амигжанова
« 31 » 08 2022ж



№30 мектептің тәрбие жұмысының жоспары

2022 - 2023 оқу жылы

Тәрбие жұмысы жоспары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 472 бұйрығының басшылыққа алынды

• ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірігі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері басшылыққа алынды.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: Жастардың бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және Отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, Конституцияға және қоғамға қарама- қайшы келетін әрекеттерге төзбеушілікке тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала

тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.

6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.

10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

Күтілетін нәтижелер:

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмді, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

Іске асыру тетіктері:

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-танымдық тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының Конституциясы • 2019-2024 жылдарға арналған Ақтөбе облысы білім бөлімінің 2019 жылғы 19 тамызындағы № 252 бұйрығы • Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылдың «15» сәуіріндегі № 145 бұйрығын 		
II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету	«Мектеп парламенті», «Өзін – өзі басқару ұйымы» жұмыстары. Шаңырақ жобалар мониторингі	ДТДЖО Мукатова М.	Жыл бойы
	Класс жетекшілермен жұмыс I. 2021-2022 оқу жылына тәрбие жұмысының жоспарлау әдістемелік отырысы.	ДТДЖО Мукатова М.	тамыз
	Жағдайы төмен білім алушылар жөнінде мәлімет және отбасына қатысты құжаттарын жинап тізімін жасақтау.	Әлеуметтік педагог Туретова Д.	қыркүйек
	Мектептің әлеуметтік паспортын дайындау.	Әлеуметтік педагог Туретова Д.	қыркүйек
	1-класс ата-аналары мен класс жетекшілеріне кеңес беру.	Мектеп психологы	қыркүйек

	5- сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне қолдау көрсету.	Назарова М. Мектеп психологы Қосмағамбетова Б.	қыркүйек
	«Мектеп парламенті», «Өзін – өзі басқару ұйымы» жұмыстары Өзін - өзі басқару күні	Аға тәлімгер Жұбатқанова А.	Қазан
	9-сынып оқушыларының таңдаған бағытымен мамандығын анықтау. Д.Ж Голланд тесті.	Мектеп психологы Қосмағамбетова Б. 9- кластар	қараша
Әдістемелік отырыс.	Жас класс жетекшілерге әдістемелік көмек көрсету жұмыстары . Әдістемелік отырыс	ДТДЖО Мукатова М.	қазан
	Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылатын негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» ұлттық бейнесі жобасы аясында жасалған іс – шаралар нәтижелері	ДТДЖО Мукатова М.	желтоқсан
	«Класс жетекшілік тәжірибемнен...» тәжірибе алмасу.	ДТДЖО Мукатова М.	Қаңтар
	Класс жетекші мониторингісі	ДТДЖО Мукатова М.	мамыр
ІІІ. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар	Әр дүйсенбі сабақты Гимнмен бастауды ұйымдастыру.	ДТДЖО Мукатова М. Класс жетекшілері АӘД жетекшісі	Әр дүйсенбі
	Әр сейсенбі денсаулық күні	ДТДЖО Мукатова М. Сынып жетекшілері Дене шынықтыру пән мұғалімдері	Әр сейсенбі
	Әр сәрсенбі «100 ән» жобасы	ДТДЖО Мукатова М. Сынып жетекшілері Музыка пәні мұғалімі	Әр сәрсенбі
	Әр бейсенбі «100 кітап» жобасы	ДТДЖО Мукатова М. Сынып жетекшісі Мектеп кітапханашысы Дәнекерова М.	Әр бейсенбі
	Әр жұма Психологиялық қызмет	ДТДЖО Мукатова М Сынып жетекшілері Мектеп психологтары Қосмағамбетова Б. Назарова М.	Әр жұма
	«Құқықбұзушылықтың алдын алу» кеңесінің жұмысын ұйымдастыру, жүйелі жүргізу.	ДТДЖО Мукатова М. Кеңес мүшелері	Арнайы жоспарға сәйкес
ІV. Қамқоршылық кеңес мүшелерімен атқарылатын	- Қамқоршылық кеңестің нормативтік – құқықтық құжаттарымен танысу - Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2022 – 2023 оқу жылына арналған міндеттерін бекіту	ДТДЖО Мукатова М. Қамқоршылық кеңес мүшелері	Қыркүйек

жұмыстар	- Қамқоршылық кеңестің 2022 – 2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекітуге ұсыну.		
	Білім беру ұйымдарында тамақтанудың ұйымдастырылуын жақсарту мақсатындағы жұмыстар	ДТДЖО Мукатова М. Қамқоршылық кеңес мүшелері	Қазан
	Құқықбұзушылыққа бейім жасөспірімдермен жұмыс. - Құқықбұзушылыққа бейім жасөспірімдердің қосымша білім берумен қамтылуына бақылау жүргізу	ДТДЖО Мукатова М. Қамқоршылық кеңес мүшелері	Қараша
	Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңес қызметін ұйымдастыру жолдары (дөңгелек үстел) І жарты жылдық қорытындысы бойынша дөңгелек үстел	ДТДЖО Мукатова М. Қамқоршылық кеңес мүшелері	Желтоқсан
	Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құқықбұзушылық пен қылмыс жасаған жасөспірімдердің ата – аналарымен әңгімелесу	ДТДЖО Мукатова М. Қамқоршылық кеңес мүшелері	Қаңтар
	Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары	ДТДЖО Мукатова М. Қамқоршылық кеңес мүшелері	Ақпан
	. Бала денсаулығы мен өмірі – ата – аналардың жауапкершілігі	ДТДЖО мукатова М. Қамқоршылық кеңес мүшелері	Наурыз
	«Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі.» Қамқоршылық кеңес мүшелерінің отырысы	ДТДЖО Мукатова М. Қамқоршылық кеңес мүшелері	Сәуір
	Балалардың жазғы демалысының ұйымдастырылуы . Білім беру ұйымдарының алдағы оқу жылына оқулықтармен қамтылуын бақылау	ДТДЖО Мукатова М. Қамқоршылық кеңес мүшелері	Мамыр
1. Бағыты: Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалды қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен	Әр дүйсенбі сабақты Гимнмен бастауды ұйымдастыру.	ДТДЖО, Мукатова М. Сынып жетекшілері, АӘД жетекшісі 1-10 класс	Әр дүйсенбі
	Оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, ІІБ есепте тұрған оқушылармен жұмыс. Мектепшілік рейд, жеке жұмыстар	ДТДЖО Мукатова М. Мектеп инспекторы	Әр дүйсенбі
	«Тәуекел» тобы, «Қиын» оқушылармен жеке жұмыстар.	ДТДЖО Мукатова М. Мектеп инспекторы	Әр дүйсенбі
	1-11 сыныптарда 2022 жылдың 1 қыркүйегінде балалар жылына арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында сынып сағаты	ДТДЖО Мукатова М.	қыркүйек
	«Мектеп ережесін сақтау – міндетің» мектепшілік жиын	ДТДЖО Мукатова М. Мектеп инспекторы Класс жетекшілер 1-10 кластар	қыркүйек
	«Құқықбұзушылықтың алдын алу- дұрыс бағыт» кездесу	ДТДЖО Мукатова М. Мектеп	қыркүйек

зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.		инспекторы Класс жетекшілер 8-10 кластар	
	«Ата Заң- Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі» ҚР Конституциясына 27 жыл акция	ДТІЖО Мукатова М. Мектеп инспекторы Класс жетекшілер 1-10 кластар	қазан
	«Қоғамға жат мінез - құлықтан бас тарт» акция. Видеороликтерді ұйымдастырып, инстаграм желісінде жариялау	ДТІЖО Класс жетекшілер Тәлімгер	Қазан
	«Қазақстан гүлдеген республикам мені!» мерекелік концерт	ДТІЖО Мукатова М. Аға тәлімгер Жұбатқанова А.	Қазан
	«Адам құқығы- бала құқығы» зорлықсыз- зомбылықсыз балалық шақ акциясы	ДТІЖО Мукатова М. Әлеуметтік педагог Туретова Д. Мектеп пси хологтары Мектеп инспекторы Класс жетекшілер 1-10 кластар	қараша
	Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығын мерекелеуге арналған іс – шаралар Инстаграм желісінде фотосуреттер (арнайы жоспар негізінде), челлендждер жариялау	ДТІЖО Мукатова М. Аға тәлімгер Жұбатқанова А.	желтоқсан
	16 желтоқсан ҚР-ның тәуелсіздік күніне орай өтетін «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдауға арналған салтанатты жиын.	ДТІЖО Мукатова М. Мектеп тәлімгері «Жас Ұлан» ұйымы	желтоқсан
	«Жаңа Қазақстан- жаңа белестер» ҚР Тәуелсіздігі күні мерекесіне арналған іс - шаралар ұйымдастыру.	ДТІЖО Мукатова М. Аға тәлімгер Жұбатқанова А.	желтоқсан
	«Менің елім» «30 игі іс» жобасы	ДТІЖО Мукатова М. Тәлімгер Жұбатқанова А. Мектеп қамқоршылық кеңесі	желтоқсан
	«Құқықтық тәрбие беру – жаңа қазақстандық азамат қалыптастырудың алғы шарттарының бірі» құқық қорғау қызметкерлерімен кездесу.	ДТІЖО Мукатова М. Мектеп инспекторы	қаңтар
	«Әдепті адам – әдемі адам» тақырыбындағы әдістемелік ұсынымды пайдалану арқылы балалар арасындағы бейәлеуметтік құбылыстардың, нашакорлықтың, темекі шегу, маскүнемдіктің алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру Тәрбие сағаттары	ДТІЖО Мукатова М.. Бірлестік жетекшісі 8-9-10 кл жетекшілері	Ақпан
	«Батырлардың ерлігіне жүрегіңмен жақында»	ДТІЖО Мукатова М.. АӘД пәні мұғалімі Қ.Жұбатыров	Ақпан

	<i>(Ауған соғысы жауынгерлері туралы)</i>		
	«Менің елім» жобасы аясында қаламыздың музейлеріне саяхат	ДТДЖО Мукатова М.	Наурыз
	Ұлы Жеңіс күніне арналған «Жас ұлан» әскери-саптық әндер байқауы, мерекелік концерт, ардагерлермен кездесу.	ДТДЖО Мукатова М. АӨД жетекшісі Жұбаттыров Қ.	мамыр
	Мектеп бітірушілерге аттестат тапсыру салтанатын ұйымдастыру..	ДТДЖО Мукатова М.	маусым
2. Бағыты: Рухани-адамгершілік тәрбие Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы "Рухани жаңғыру" құндылықтары негіздерінің, оның ішінде "Құндылықтарға негізделген білім беру", "Қоғамға қызмет" жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру.	Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін арттыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасын енгізу. «Буккроссинг» отбасында 20 мин кітап оқу, «100 кітап» жобалары Ұзақ және қысқа мерзімді жобалар	ДТДЖО Мукатова М. Класс жетекшілер	Жыл бойы
	2022/2023 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын, Роза Бағланованың 100 жылдығын, Қазыбек бидің 355жылдығын, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығын, Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығын, сондай-ақ Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығын мерекелеуге және дайындауға ерекше назар аудару қажет. арналған бұқаралық іс – шаралар өткізу (Поэтикалық кеш, Әдеби – музыкалық композиция, сұхбаттар Класс сағаттары Әдеби кештер)	ДТДЖО Мукатова М. Класс жетекшілер Кітапханашылар Тіл мамандары Бірлестік жетекшілері	Жыл бойы
	«Адал ұрпақ» клубының жұмысын жандандыру. «Адал ұрпақ» дүкенінің жұмысын жандандыру	ДТДЖО Мукатова М. Мұқанбетсадықов Е.	Жыл бойы
	«Қоғамға қызмет» жобасы аясындағы «Адамға қуаныш сыйла», «Мектепке жол», «Үш игі іс» акциясын жүзеге асыру	ДТДЖО Мукатова М. «Жан жылуы» еріктілер клубы	Жыл бойы
	«Инабат» қыздар клубының жұмыстары	ДТДЖО Мукатова М. Клуб жетекшісі Еркінқызы Э.	Жоспарға сай
	Ұстаздар күніне арналған мерекелік шара	ДТДЖО Мукатова М. 11-класс (Мерекелік шара) 1-10 кластар (Акциялар)	қазан
	«Сыбайлас жемқорлық – қоғамға қиянат» тақырыбында «Адал ұрпақ» клубы мүшелерімен бірлескен дебат ойыны.	ДТДЖО Мукатова М. Мұқанбетсадықов Е. 1-10 кластар	қараша
	«Толеранттылық – бейбітшілікке апарар жол» атты бірыңғай класс сағаттарын ұйымдастыру	ДТДЖО Мукатова М. 1-10 кластар	желтоқсан
	«Ақылды волонтерлық» жүйесі арқылы «Қоғамға қызмет ет» акциясын ұйымдастыру	ДТДЖО Мукатова М. «Жан жылуы» еріктілер клубы	Қаңтар
	«Ана- мәңгілік шуақ!»- 8 наурыз- Халықаралық әйелдер күніне «Ананды құттықта!» жобасы	ДТДЖО Мукатова М. Аға тәлімгер Жұбатқанова А.	наурыз
«Жұлдыздар жарқырайды» есеп беру шаралары	ДТДЖО Мукатова М.	сәуір	

		Үйірме жетекшілері	
	Кітапханамен байланыс: - кітап көрмесін ұйымдастыру; 5- ҮОС туралы 5-9 класс оқушылары арасында әңгіме – сұхбат; “Сыңғырла, күміс қоңырау”соңғы қоңырау салтанатты жиыны.	ДТҰЖО Мукатова М. Мектеп кітапханасы	мамыр
	«Мен бақытты баламын!»- 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған іс-шара	ДТҰЖО Мукатова М. Аға тәлімгер Жұбатқанова А.	мамыр
		ДТҰЖО Мукатова М. Аға тәлімгер Жұбатқанова А.	маусым
3.Бағыты: Ұлттық тәрбие Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.	«Оқуға құштар мектеп» аясында «100 кітап жобасы» оқушылармен ұзақ мерзімді жобаны жүзеге асыру. Әр бейсенбі кітап оқу	ДТҰЖО Мукатова М. Мектеп тәлімгері «Жас Ұлан» ұйымы Мектеп парламенті	Жыл бойы
	«Оқуға құштар мектеп» аясында «100 кітап жобасы» ата – аналармен қысқа мерзімді жобаны жүзеге асыру. Онлайн кітап оқу	ДТҰЖО Мукатова М. Мектеп тәлімгері «Жас Ұлан» ұйымы Мектеп парламенті	Жыл бойы
	22 қыркүйек- Тіл мерекесіне орай «Үш тұғырлы тіл». «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін класс сағаттарын, апталықтар, кездесулер ұйымдастыру	ДТҰЖО Мукатова М. Класс жетекшілер Тіл мамандары Гуманитарлық пәндер бірлестігі	қыркүйек
	Бала тәрбиесіндегі отбасының ролін арттыру мақсатында «Әкелер» клубы, «Аналар» клубы, «Әжелер» клубы.	ДТҰЖО Мукатова М. Класс жетекшілер	Қаңтар
	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Қош келдің, өз Наурыз!» мерекелік іс – шараларын ұйымдастыру тағамдар, ұлттық ойындар,салт – дәстүр, колөнер, тұрмыс – тіршілік	ДТҰЖО Мукатова М. Класс жетекшілер	Наурыз

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру	«Отбасы- алтын бесігім» Отбасы күніне арналған іс-шаралар	Мектеп парламенті «Жас ұлан» ұйымы Тәлімгер Жұбатқанова А. Класс жетекшілер	Қыркүйек
	I қазан – Қарттар күніне және Ұрпақтар сабақтастығы күніне арналған іс – шаралар	Мектеп парламенті «Жас ұлан» ұйымы Тәлімгер Жұбатқанова А. Класс жетекшілер	қазан
	«Қарттарын кадрілеген- ел ардақты» қарттарға көмек көрсету.	Мектеп тәлімгері «Жас Ұлан» ұйымы Еріктілер клубы	қазан
	«Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі». «Әкелер» жиналысы	ДТҒЖО Мукатова М. Клуб жетекшісі	қараша
	Дәстүр мен ғұрып жобасы аясында «Шаңырақ» қауымдастығы арасында «Қош келдің, өз Наурыз!» мерекелік іс – шараларын ұйымдастыру «Ата – ана жұмысында I күн» жобасы аясында ата – ана мен баланың өткізген I күні .	ДТҒЖО Мукатова М. Класс жетекшілер ДТҒЖО Мукатова М. Класс жетекшілер	Наурыз Наурыз
Ата – аналар жиналысының тақырыптары	«Отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастық- баланың үйлесімді дамуының басты көрсеткіші» тақырыбында ата-аналар жиналыстары	ДТҒЖО Мукатова М. Класс жетекшілер	Қыркүйек
	«Отбасындағы әке мен ана тәрбиесінің маңызы»	ДТҒЖО Мукатова М. Класс жетекшілер	қазан
	«Құқық бұзушылықтың алдын алудағы отбасы тәрбиесінің ролі»	ДТҒЖО Мукатова М. Класс жетекшілер	желтоқсан
	«Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру».	ДТҒЖО Мукатова М. Класс жетекшілер	Мамыр
5. Бағыты: Білім алушылар бойында еңбек тәрбиесін, экономикалық және экологиялық тәрбиені қалыптастыру Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты	«Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы аясында тәрбиелік іс – шаралар кешенін іске асыру, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға арналған іс – шаралар.	ДТҒЖО Мукатова М. Класс жетекшілер	Жыл бойы
	«Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда, Үлкен арман керек екен адамға!» мамандық тандауға байланысты тақырыптық шара.	ДТҒЖО Мукатова М 7-9, 10-класстар	желтоқсан
	“Туған жерге тағзым” акциясы аясында мектеп түлектерімен кездесу ұйымдастыру.	ДТҒЖО Мукатова М.	қаңтар
	«Әкелер клубы» жұмысының жоспарына сәйкес «Әке көрген оқ жонар» шебер класстар ұйымдастыру	ДТҒЖО Мукатова М.	Ақпан
	Мектеп айналасын абаттандыру – тазалық айлығы.	ДТҒЖО Мукатова М.	сәуір

калыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.			
6. Бағыты: Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде «Үшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру.	«Үшқыр ой алаңы» оқушыларының дебаттық қозғалысы аясына зияткерлер сайысы.	ДТҰЖО Мукатова М. Клуб жетекшісі Мұқанбетсадықов Е.	желтоқсан
	«Балалар және театр» ағартушылық жобасы шеңберіне «Театр» үйірмесінің есебі	ДТҰЖО Мукатова М.	сәуір
	Халықтар достығы күніне орай ұйымдастырылатын класс сағаттары	ДТҰЖО Мукатова М.	Мамыр
7. Бағыты: Зияткерлік тәрбие Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық,	«Берекелі, мерекелі, Алтын күз!» табиғи материалдардан даярланған көрме, сурет көрмесі.	ДТҰЖО Мукатова М Тәлімгер Класс жетекшілер	қазан
	«Үшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени – білім беру жобасын іске асыру мақсатында мектепте «Ойшылдар» дебат клубының іс – шаралары, «Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі жөнінде дебат	ДТҰЖО Мукатова М. Клуб жетекшісі Мұқанбетсадықов Е.	Қазан
	«Күз ханшайымы мен ханзадасы» байқау.	ДТҰЖО Мукатова М Тәлімгер 9-10 кластар	қазан

оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру	«Ақпараттық қауіпсіздік және киберқауіпсіздік, кибермәдениет мәселесі жөнінде класс сағаттарын ұйымдастыру»	ДТДЖО Мукатова М Тәлімгер Класс жетекшілер	Қазан
	«Жаңа жыл- жаңа жыл-2023» жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру.	ДТДЖО Мукатова М Тәлімгер Класс жетекшілер	желтоқсан
	«Жаңа жылдық мүейндер ...» қардан мүейін жасау жұмыстарын ұйымдастыру.	ДТДЖО Мукатова М Тәлімгер Класс жетекшілер	желтоқсан
8. Бағыты: Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру.	Каникул кезіндегі спорттық ойындардан жарыстар ұйымдастыру. (футбол, волейбол, пионербол, ұлттық спорт түрлері: асық ату, тоғызқұмалақ, қазақ күресі.)	ДТДЖО Мукатова М Дене шынықтыру бірлестігі	Жыл бойына
	«Ұл –ұятымен, қыз - қылығымен» қыздар мен ұлдар жиналысы.	ДТДЖО Класс жетекшілер	Клуб жетекшілер жоспарына сәйкес
	«Отбасы - орта мектеп» жобасы аясында «Менің спорттық отбасым» спорттық іс – шараларды өткізу	ДТДЖО Мукатова М Дене шынықтыру пән мұғалімдері	Қыркүйек
	«Инабат» қыздар клубының мүшелерінің мектеп медбикесімен кездесу ұйымдастыру	ДТДЖО Мукатова М Мектеп дәрігері	қазан
	«Дұрыс тамақтану туралы не білеміз?» тақырыбындағы іс - шаралар	ДТДЖО Мукатова М Тәлімгер 1-4 кластар	қазан
	«Нашақорлыққа жол жоқ!» шығарма жазу «Біз зиянды заттарға қарсымыз» сурет көрмесін жасақтау	ДТДЖО Мукатова М «Наркобекет» тобы	қараша
	Халықаралық ЖҚТБ індетіне қарсы күрес күніне арналған шара.	ДТДЖО Мукатова М «Наркобекет» тобы	Желтоқсан
	«Ата-анам және мен» отбасылық сайысы.	ДТДЖО Мукатова М Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	Ақпан
	«Салауатты өмір салтын қалыптастыру – денсаулық кепілі» мамандармен кездесу.(ерлер үшін)	ДТДЖО Мукатова М «Наркобекет» тобы	Наурыз
	7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күніне флешмоб.	ДТДЖО Мукатова М «Наркобекет» тобы	сәуір
«Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз лагерьге барамыз!» мектеп жанындағы балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру» (1-4 кл.)	ДТДЖО 1-4 кластар	маусым	